



## "Соғыс жағдайы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 30 наурыз N 378

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Соғыс жағдайы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы  
Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Соғыс жағдайы туралы

Осы Заң Қазақстан Республикасы азаматтарының, Қазақстан Республикасының аумағында тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың (бұдан әрі - азаматтар мен басқа да адамдардың), сондай-ақ меншік нысанына қарамастан мемлекеттік органдардың, әскери басқару органдары мен ұйымдардың (бұдан әрі - ұйымдар) соғыс жағдайы кезеңіндегі құқықтық қатынастарын реттейді.

Осы Заңның күші соғыс жағдайы кезеңімен шектеледі.

1 - бөлім. Жалпы ережелер

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) басқыншылық - шет мемлекеттің (топтың, мемлекеттер коалициясының) Қазақстан Республикасының егемендігіне, аумақтық қол сұғылмаушылығына немесе саяси тәуелсіздігіне қарсы Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысымен сыйыспайтын немесе басқа қандай түрде болса да қарулы күштерді қолдануы;

2) басқыншылық актісі - соғыс жариялануына қарамастан, мынадай іс-қимылдардың кез келгені:

Қазақстан Республикасының аумағына шет мемлекеттер қарулы күштерінің басып кіруі (шабуыл жасауы), Қазақстан Республикасының аумағын немесе оның бөлігін қарулы күштерді қолданып қалай да болса басып алуы;

Қазақстан Республикасының аумағын бомбалауы немесе шет мемлекеттің Қазақстан Республикасына қарсы қандай да болса қару қолдануы;

Қазақстан Республикасының порттарын немесе жағалауларын шет мемлекет Қарулы күштерінің қоршауы;

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрлық, теңіз немесе әуе күштеріне немесе республиканың теңіз және әуе флоттарына шет мемлекеттер қарулы күштерінің шабуыл жасауы;

келісім бойынша Қазақстан Республикасының аумағында тұрған мемлекеттердің Қарулы күш қолдануы, келісінде көзделген шартты бұзып немесе келісімнің күші аяқталғаннан кейін олардың Қазақстан Республикасының аумағында болуын жалғастыруы;

басқа мемлекеттің қарамағына берген оның аумағы, осы басқа мемлекеттің Қазақстан Республикасына қарсы басқыншылық актісін жасау үшін оны пайдалануға мүмкіндік беретін мемлекеттің іс-қимылы;

мемлекеттің немесе мемлекет атынан айтарлықтай маңызды сипаты бар, Қазақстан Республикасына қарсы қарулы күштерді қолдану актілерін жүзеге асыратын қарулы бандаларды, топтарды және тұрақты күштерді немесе жалдамалыларды жіберу, бұл жоғарыда аталған актілерге тең;

Қазақстан Республикасының егемендігіне, аумақтық қол сұғылмаушылығына немесе саяси тәуелсіздігіне қарсы бағытталған шет мемлекеттердің өзге де іс-қимылдары, сондай-ақ Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысына сәйкес, басқыншылық болып саналатын Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесі айтқандаған актілер;

3) аннексия - Қазақстан Республикасының аумағын немесе оның бөлігін шет мемлекеттің күштеп қосып алуы (басып алуы);

4) соғыс жағдайы - Қазақстан Республикасының Президенті республиканың күллі аумағына немесе оның жекелеген жерлеріне енгізетін саяси, экономикалық, әкімшілік, әскери және өзге де шаралар кешенін көздейтін ерекше құқықтық режим;

5) әскери цензура - бұқаралық ақпарат құралдарының әскери басқару органдарымен және мемлекеттік органдармен, лауазымды тұлғалармен олардың талап етуі немесе өзге де негіздер бойынша хабарлар мен материалдарды немесе олардың жекелеген бөліктерін таратуды шектеу немесе тыйым салу мақсатында хабарлар мен материалдарды алдын ала келісу, сондай-ақ мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді жариялауды және әйгілеуді болдырмау мақсатында жеке хат

жазысуларды, телефон және радио сөйлесулерді бақылауды жүзеге асыру;

б) әскери басқару органдары - Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабы, әскер түрлерін, тектерін және олардың құрылымдық бөлімшелерін басқару органдары ;

7) бейтараптау - басқыншылық жасаған мемлекеттердің, соғыс уақытында Қазақстан Республикасының аумағында болған азаматтарын арнаулы бөлінген орындарға орналастырып ұстау және жайластыру;

8) коменданттық сағат - жеке басын куәландыратын, оның қолданылу мерзімі мен уақыты көрсетілген арнайы берілген рұқсаттамалар мен құжаттарсыз тұрғын үйден тысқары және белгіленген тәулік уақытында елді мекендер арасында араласуға тыйым салатын, қоғамдық тәртіпті күзету мен қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету, барлау, диверсиялық және басқа да дұшпандық әрекеттердің жолын кесу мақсатында соғыс жағдайы кезінде енгізілетін шара;

9) тікелей сыртқы қауіпсіздік қатері - мемлекеттік шекараға қол сұқпау және Қазақстан Республикасына қатысты күш қолдану қатері, сондай-ақ арнайы қызметтер мен шет мемлекеттер ұйымдарының, сондай-ақ жекелеген адамдардың Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігіне залал келтіруге бағытталған барлау, террорлық, диверсиялық және өзге де әрекеттері .

## 2-бап. Соғыс жағдайын енгізу мақсаты

Соғыс жағдайын енгізу мақсаты Қазақстан Республикасына қарсы басқыншылыққа тойтарыс беру немесе болдырмау үшін жағдай жасау болып табылады.

## 3-бап. Соғыс жағдайының құқықтық негіздері

Қазақстан Республикасының К951000\_ Конституциясы, халықаралық шарттары және республиканың өзге де міндеттемелері, осы Заң және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері соғыс жағдайының құқықтық негіздері болып табылады .

## 4-бап. Соғыс жағдайын енгізу

1. Қазақстан Республикасының күллі аумағына немесе оның жекелеген жерлеріне соғыс жағдайын енгізу үшін Қазақстан Республикасына қарсы басқыншылық немесе тікелей оның қауіпсіздігіне төнген сыртқы қатер негіз болып табылады.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Қазақстан Республикасының күллі аумағында немесе оның жекелеген жерлерінде соғыс жағдайы енгізіледі .

3. Жалпы немесе ішінара жұмылдыруды, егер ол бұрын жарияланбаса, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес соғыс жағдайын енгізген кезде Қазақстан Республикасының Президенті жариялайды.

4. Соғыс жағдайын енгізу туралы Қазақстан Республикасы Президентінің Ж а р л ы ғ ы н д а :

соғыс жағдайын енгізу үшін негіз болған жағдайлар;  
енгізілген шаралар және азаматтар мен басқа да тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын уақытша шектеулер тізбесі;

соғыс жағдайы енгізілетін аймақтардың шекаралары;  
соғыс жағдайы режимін орнату мен сақтау үшін қатыстырылатын күштер мен қ ұ р а л д а р ;

соғыс жағдайының қолданылуы басталатын уақыты айқындалады.

5. Соғыс жағдайын енгізу туралы Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығының толық мәтіні дереу радио мен теледидар бойынша таратуға, сондай-ақ ресми жариялауға жатады.

6. Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан Республикасының Парламентін соғыс жағдайының енгізілгені, ішінара немесе жалпы жұмылдыру жарияланғаны туралы дереу хабардар етеді.

7. Мемлекеттің басқыншылыққа тойтарыс беруге дайындық тәртібін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының Президенті айқындайды.

#### 5 - б а п . С о ғ ы с ж а ғ д а й ы к е з е ң і

1. Соғыс жағдайы кезеңі соғыс жағдайын енгізген уақыттан басталады және соғыс жағдайын жойған уақыттан бастап аяқталады.

2. Соғыс жағдайын қолдану кезеңінде Қазақстан Республикасы Конституциясының 39-бабының 3-тармағында аталған баптарда көзделген құқықтар мен бостандықтарды қоспағанда, азаматтар мен басқа да адамдардың құқықтары мен бостандықтарын, ұйымдардың қызметін шектеу, сондай-ақ оларға осы Заңда белгіленген қосымша міндеттер жүктеу қарастырылады.

3. Соғыс жағдайы енгізілген жерлерде әскери басшылық органдарының өкілеттіліктері кеңейтіледі, оларға қорғаныс және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік билік және басқару органдарының барлық функциясы ауысады.

4. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары соғыс жағдайын қолдану кезеңінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқыншылыққа тойтарыс беру үшін қолданылады.

5. Соғыс жағдайын қолдану кезеңінде азаматтық және аумақтық қорғаныс

шаралары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

## 2-бөлім. Соғыс жағдайын қамтамасыз ету

### 6-бап. Соғыс жағдайы шаралары

1. Соғыс жағдайы Қазақстан Республикасына қарсы басқыншылыққа немесе тікелей оның қауіпсіздігіне төнген сыртқы қатерге тойтарыс беру мен болдырмау үшін жағдайлар жасауға бағытталған саяси, экономикалық, әкімшілік, соғыс және өзге де шаралар кешенін қамтиды.

2. Соғыс жағдайы енгізілген аумақта мынадай шаралар енгізілуі мүмкін:

1) мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдарды, сондай-ақ республика экономикасын соғыс жағдайы талаптарында жұмыс істеуге көшіру;

2) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жұмылдырыла өрістетілуін жүргізу;

3) Қарулы Күштер мүддесіне тапсырмалар орындау, экономика мен халықтың тіршілік әрекетінің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету үшін арнайы құралымдар құру;

4) азаматтық және аумақтық қорғаныс шараларын жүргізу;

5) мемлекеттік резерв материалдық құралдарының қорын тарату және пайдалану;

6) республикалық объектілер бойынша - Қазақстан Республикасының Үкіметімен, коммуналдық объектілер бойынша - жергілікті атқарушы органдармен айқындалған тізбеге сәйкес қоғамдық тәртіп, сондай-ақ мемлекеттік және әскери объектілердің, халықтың тіршілік әрекетін, көлік пен коммуникацияның жұмысын қамтамасыз ететін, адамдардың өмірі, денсаулығы мен қоршаған табиғи орта үшін жоғары қауіп төндіретін объектілердің күзетін күшейту;

7) көлік, коммуникация мен энергетика, сондай-ақ адамдардың өмірі, денсаулығы мен қоршаған табиғи орта үшін жоғары қауіп төндіретін объектілер жұмысының ерекше режимін белгілеу;

8) халықты, шаруашылық, әлеуметтік және мәдени мақсаттағы объектілерді эвакуациялау, сондай-ақ азаматтар мен басқа да адамдарды тұруға қауіпті аудандардан, оларға міндетті түрде уақытша немесе тұрақты тұру және орналасу үшін тұрғын және тұрғын емес жайлар бере отырып басқа аудандарға уақытша көшіру;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен ұйымдардан, азаматтар мен басқа да адамдардан қорғаныс мұқтажы үшін қажетті мүлікті, жер учаскелерін, тұрғын үй және тұрғын үй емес үй-жайларды алу;

10) соғыс жағдайы енгізілген аумаққа кірудің және одан шығудың айрықша режимін белгілеу және қамтамасыз ету, сондай-ақ қозғалыс еркіндігін шектеу;

11) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен ұйымдарды, азаматтарды және басқа да адамдарды қорғаныстық сипаттағы жұмыстарды орындауға,

қарсыластардың қару қолдануының зардабын жоюға, зақымданған (бүлінген) объектілерді, тіршілікті қамтамасыз ету жүйесін қалпына келтіруге, сондай-ақ өртпен, індетпен, эпизоотиямен күреске қатысуға тарту;

12) соғыс жағдайы енгізілген жерлерде келу орны мен тұрғылықты жерін таңдауға тыйым салу мен шектеулерді белгілеу;

13) жиналыстар, митингілер, демонстрациялар, шерулер, ереуілдер, көтерілістер мен ұйымдардың қызметін тоқтатудың өзге де түрлерін өткізуге тыйым салу немесе шектеу;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіз бойынша коменданттық сағат орнату және әскери басқару органдары мен мемлекеттік органдарға азаматтар мен басқа да адамдардың құжаттарын тексеруді жүзеге асыруға, оларға жеке тексеру жүргізуге, заттарын, тұрғын үйі мен көлігін тексеруге, сондай-ақ азаматтарды, басқа да адамдар мен көлік құралдарын ұстауды жүзеге асыруға құқық беру;

15) қару, оқ-дәрілер, жарылғыш және улы заттар сатуға тыйым салуды белгілеу, құрамында есірткілік және күшті әсер ететін заттары, алкогольдік өнімдері бар дәрілік құралдар мен медициналық препараттар айналымының айрықша режимін орнату;

16) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен азаматтар мен басқа да адамдардан, ұйымдардан қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш, улы және радиоактивті заттарды, жауынгерлік және оқу-жаттығу әскери техникасын алу;

17) баспахананың, есептеу орталықтары мен автоматтандырылған жүйелердің, бұқаралық ақпарат құралдарының жұмысына бақылау орнату, оларды қорғаныс мұқтажына пайдалану, сондай-ақ олардың қызметін шектеу;

18) әскери цензура енгізу;

19) жалпы танылған халықаралық құқық принциптері мен нормаларына сәйкес басқыншылық жасаған шет мемлекеттің (мемлекеттердің) азаматтарын тұтқынға алу;

20) Қазақстан Республикасы азаматтарының шетелге шығуына тыйым салу немесе шектеу;

21) мемлекеттік органдар мен ұйымдарда құпиялылық режимін күшейтуге бағытталған қосымша шараларды енгізу;

22) Қазақстан Республикасының заңнама актілеріне сәйкес соғыс жағдайын қамтамасыз ету үшін қажетті өзге де шаралар.

3. Мемлекеттің қорғаныс мүддесіндегі қажеттігін, сондай-ақ халықтың мұқтажын қанағаттандыру үшін қажетті өнімдер өндіру, жұмыстар мен қызмет көрсетулерді жүзеге асыруға арналған жағдайларды қамтамасыз ету мақсатында соғыс жағдайын енгізген кезде, Қазақстан Республикасының заңнамасымен экономика және қаржы қызметін, тауарлар (қызмет көрсетулер) мен қаржы көздерін еркін ауыстыруды, ақпарат іздеуді, алуды, беруді, жасауды және таратуды жүзеге асыруды уақытша шектеулерге байланысты шаралар енгізілуі мүмкін, банкротқа ұшырау рәсімдерінің

тәртібі мен шарттары, еңбек қызметінің режимі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының күллі аумағындағы сияқты жекелеген жерлерінде де қаржы, салық, кеден және банк жүйелерінің жұмыс істеу ерекшеліктері белгіленуі мүмкін.

4. Осы баптың 2 және 3-тармақтарында көрсетілген соғыс жағдайы шараларын жүзеге асыруды регламенттейтін қажетті заңнама және өзге де нормативтік құқықтық актілері соғыс жағдайының әрекет ету кезеңіндегідей, оның енгізілу кезеңінде де қ а б ы л д а н у ы м ү м к і н .

7-бап. Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды, сондай-ақ мемлекеттік органдарды соғыс жағдайын қ а м т а м а с ы з е т у г е қ а т ы с т ы р у

1. Қазақстан Республикасы Президентінің шешімі бойынша соғыс жағдайын қамтамасыз етуге мынадай негізгі міндеттерді орындау үшін Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар, сондай-ақ мемлекеттік органдар қатыстырылады:

1) соғыс жағдайы енгізілген аумаққа кірудің және осы аумақтан шығудың айрықша режимін сақтау, сондай-ақ ол жердегі қозғалыс еркіндігін шектеу;

2) тұрғындарды құтқару мен көшіруге, апаттық-құтқару және басқа да кейінге қалдыруға болмайтын жұмыстарда, санитарлық-эпидемияға қарсы, эпизоотияға қарсы және басқа да шараларға қатысу;

3) мемлекеттік және әскери объектілерді, халықтың тіршілік әрекетін, көлік пен коммуникацияның жұмысын қамтамасыз ететін, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына және қоршаған табиғи ортаға жоғары қауіп төндіретін объектілерді к ү з е т у ;

4) қоғамдық тәртіпті және қоғамдық қауіпсіздікті күзету, соғыс жағдайы шараларын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды өткізуге қатысу;

5) құқық қорғау органдары мен әскери басқару органдарында осы қызметтердің Қазақстан Республикасының қорғанысы мен қауіпсіздігін бұзуға бағытталғандығы туралы нақты мәліметтер болуына қатысты заңсыз қарулы құралымдардың, террористер мен диверсанттардың, сондай-ақ қоғамдық және діни бірлестіктердің, шетелдік және халықаралық ұйымдардың қызметін тоқтату.

2. Соғыс жағдайы шараларын қамтамасыз етуге қатыстырылатын мемлекеттік органдардың, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

8-бап. Соғыс жағдайын қамтамасыз ету кезінде қару, жауынгерлік техника, арнайы құралдар, сондай-ақ күш қолдану

1. Соғыс жағдайын қамтамасыз ету үшін тартылған әскери қызметшілер мен

мемлекеттік органдар қызметкерлеріне қызметтік міндеттерін орындау кезінде қаруды, жауынгерлік техниканы, арнайы құралдарды алып жүруге, сақтауға, қолдануға, сондай-ақ күш көрсетуге құқық беріледі.

Көрсетілген адамдар, егер келтірілген залал қоғамдық қауіпсіздік сипаты мен дәрежесіне сәйкес болса, күш көрсетуді, арнайы құралдарды, атыс қаруы мен жауынгерлік техниканы қолданумен байланысты келтірген залалы үшін жауапкершілікте болмайды.

2. Соғыс жағдайын қамтамасыз ету үшін тартылған әскери қызметшілер мен мемлекеттік органдар қызметкерлерінің күш көрсетуді, арнайы құралдарды, қаруды немесе жауынгерлік техниканы мынадай жағдайларда:

1) азаматтар мен басқа да адамдардың мемлекеттік және әскери объектілерге шабуылын көрсету үшін;

2) әскери қызметшілер мен мемлекеттік органдар қызметкерлерінің, сондай-ақ азаматтар мен басқа да адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қарсылықтардың жолын кесу үшін;

3) өздерінде атыс және суық қару, оқ-дәрілер, жарылғыш, химиялық немесе улы заттар болған адамдарды ұстау үшін, егер олар: қылмыс жасау үстінде ұсталса;

әскери қызметшілердің немесе мемлекеттік органдар қызметкерлерінің заңды талаптарын орындамаса;

әскери қызметшілер мен мемлекеттік органдар қызметкерлеріне, олардың өздеріне жүктелген қызметтік міндеттерін жүзеге асыруына кедергі келтірсе;

4) күзетілетін объектілер мен әскерлердің орналасқан жерлеріне заңсыз кіруге жасалған әрекеттердің жолын кесу үшін;

5) тұтқындарды, басып алынған күзетілетін объектілерді, ғимараттарды,

көлік құралдары мен жүктерді азат ету үшін, сондай-ақ жаппай тәртіпсіздіктер мен топтасқан қоғамдық тәртіп бұзушылықтардың жолын кесу үшін;

6) жүргізушісі заңды талаптарды орындамаған көлік құралын тоқтату үшін;

7) дабыл немесе көмек шақыру сигналын беру үшін;

8) Қазақстан Республикасының заңнама актілеріне сәйкес өзге де жағдайларда қолдануға құқылы.

3. Күшті, арнайы құралдарды, қару мен жауынгерлік техниканы өкілеттілігін асыра қолдану заңда белгіленген жауапкершілікке апарып соқтырады.

3-бөлім. Соғыс жағдайы кезеңіндегі Қазақстан Республикасы



## Президентінің, Үкіметінің өкілеттілігі

### 9-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттілігі

1. Қазақстан Республикасының Президенті соғыс жағдайы кезеңінде:

1) соғыс жағдайын қамтамасыз етуді ұйымдастыруға жалпы басшылық жасауды жүзеге асырады;

2) мемлекеттік органдардың келісіп жұмыс істеуін және өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді;

3) соғыс жағдайы шаралары енгізілген аумақта оның қолданылу тәртібін, сондай-ақ осы шараларды қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік органдардың өкілеттілігін б е к і т е д і ;

4) соғыс жағдайының мәселелері жөнінде нормативтік құқықтық актілер шығарады;

5) Қазақстан Республикасының заңнама актілеріне сәйкес соғыс уақытының мемлекеттік бюджетін қабылдайды және ол туралы шұғыл түрде Қазақстан Республикасының Парламентіне ақпарат береді;

6) Қарулы Күштер мен мемлекеттік органдарды соғыс жағдайын қамтамасыз етуге тарту тәртібін белгілейді және осы Заңға сәйкес олардың міндеттерін айқындайды;

7) жиналыстар, митингілер, демонстрациялар, шерулер, ереуілдер, көтерілістер өткізуге, сондай-ақ ұйымдардың қызметін тоқтатудың өзге де түрлеріне тыйым салуды немесе шектеуді белгілейді;

8) әскери қызмет өткеру ерекшеліктерін айқындайды;

9) Қазақстан Республикасының басқыншылық жасаған мемлекетпен (топпен, мемлекеттер коалициясымен) жасалған халықаралық шарттарын қысқарту (қолданысын тоқтату) үшін Қазақстан Республикасының Парламентіне ұсынады;

10) көлік, коммуникация мен энергетика, сондай-ақ адамдардың өміріне, денсаулығына және қоршаған табиғи ортаға зор қатер төндіретін объектілер жұмысының айрықша режимін белгілейді;

11) қорғаныс және қауіпсіздік мәселелері бойынша консультативтік-кеңесші органдар құрады;

12) Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ұсынысы бойынша республика Үкіметінің құрылымы мен құрамын белгілейді, сондай-ақ соғыс жағдайының қолданылу кезеңінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кірмейтін министрліктер мен орталық атқарушы органдарын құрады, таратады және қайта ұйымдастырады.

2. Соғыс жағдайының қолданылу кезеңінде Қазақстан Республикасының

Президенті оған Қазақстан Республикасының Конституциясымен және Қазақстан Республикасының басқа да заңнама актілерімен жүктелген өзге де өкілеттіліктерді жүзеге асырады.

#### 10-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілеттілігі

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі соғыс жағдайы кезеңінде:

1) соғыс жағдайын қамтамасыз ету жөніндегі атқарушы билік органдары мен ұйымдардың жұмысына басшылық жасайды;

2) мемлекеттік органдардың, Қарулы Күштердің, ұйымдардың, азаматтардың және басқа да адамдардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған шаралардың орындалуын қамтамасыз етеді;

3) Қазақстан Республикасының қорғанысы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ұйымдардың мемлекет тапсырмасын (тапсырыстарын) орындауға шарт (келісім-шарт) жасасу, сондай-ақ бұдан бұрын жасалған шарттардың қолданысын тоқтату тәртібін айқындайды;

4) Қазақстан Республикасының қорғанысы мен қауіпсіздігінің мұқтаждықтарын қаржыландыру тәртібін айқындайды, соғыс уақытындағы республикалық бюджетті Қазақстан Республикасының Президентіне ұсынады және оның орындалуын қамтамасыз етеді;

5) соғыс жағдайы шараларын материалдық-техникалық, еңбек және басқа да ресурстармен қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

6) мемлекеттің соғыс жағдайын қолдану кезеңінде ұйымдарға, азаматтарға және басқа да адамдарға олардың меншігін алумен байланысты келтірілген залалдың орнын толтыру тәртібін айқындайды;

7) басқыншылық жасаған мемлекетпен (топпен, мемлекеттер

коалициясымен) жасалған халықаралық шарттарды қысқарту (қолданысын тоқтату) үшін өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының Парламентіне ұсынады;

8) азаматтық және аумақтық қорғанысты басқарады.

2. Сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі соғыс жағдайының қолданылу кезеңінде өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен және Қазақстан Республикасының басқа да заңнама актілерімен жүктелген өзге де өкілеттіліктерді жүзеге асырады.

4-бөлім. Соғыс жағдайы кезеңіндегі азаматтардың және басқа да тұлғалардың, ұйымдардың міндеттері

## 11-бап. Соғыс жағдайы кезеңіндегі азаматтардың және басқа да тұлғалардың міндеттері

1. Азаматтар және басқа да тұлғалар Конституцияның, республиканың халықаралық шарттары мен өзге де міндеттемелерінің, осы Заңның және соғыс жағдайы мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын орындауға міндетті.

2. Соғыс жағдайы енгізілген аумақта тұратын азаматтар мен басқа да тұлғалар:

1) соғыс жағдайын қамтамасыз ететін мемлекеттік органдардың, олардың лауазымды тұлғаларының талаптарын орындауға және оларға жәрдем көрсетуге;

2) шақыру бойынша көрсетілген адамдар тұратын аумақтағы әскери басқару органдарына және мемлекеттік органдарға келуге;

3) мемлекеттік органдардан және олардың лауазымды тұлғаларынан алынған жолдама қағаздарда, шақыру қағаздарында және өкімдерде жазылған Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген талаптарды орындауға;

4) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен қорғаныстық сипаттағы жұмыстарға, қарсыластардың қару қолдануының зардабын жоюға, зақымданған (бүлінген) объектілерді, тіршілікті қамтамасыз ету жүйесін қалпына келтіруге, сондай-ақ өртпен, індетпен, эпизоотиямен күреске қатысуға;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қорғаныс мұқтажы үшін қажетті өздерінің меншігіндегі мүлікті ұсынуға;

6) оларға Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

## 12-бап. Соғыс жағдайы кезеңіндегі ұйымдардың міндеттері

1. Соғыс жағдайы енгізілген аумақта тұратын ұйымдар соғыс жағдайын қамтамасыз ететін мемлекеттік органдардың, олардың лауазымды тұлғаларының заңды талаптарын орындауы және оларға көмек көрсетуге міндетті.

2. Ұйымдар соғыс жағдайы кезеңінде:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өздерінің меншігінде тұрған, қорғаныс мұқтажы үшін қажетті мүлікті ұсынуға;

2) бірінші кезекте жасалған шарттар (келісім-шарттар) негізінде Қазақстан Республикасының қорғанысы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мемлекет тапсырмасын (тапсырысын) орындауға;

3) оларға Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелген өзге де

міндеттерді орындауға міндетті.

13-бап. Соғыс жағдайы туралы Қазақстан Республикасының  
заңнамасын орындамағандығы үшін жауапкершілік

Занды және жеке тұлғалар, олар соғыс жағдайы туралы заңнаманы бұзған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауап береді.

5-бөлім. Қорытынды ережелер

14-бап. Халықаралық құқықтық міндеттемелерді орындау

Қазақстан Республикасының аумағында немесе оның жекелеген жерлерінде соғыс жағдайы енгізілген ретте Қазақстан Республикасының Президенті Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысынан және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарынан туындайтын республиканың міндеттемелеріне сәйкес шаралар қабылдайды.

15 - б а п .            С о ғ ы с            ж а ғ д а й ы н            ж о ю

1. Қазақстан Республикасының аумағындағы немесе оның жекелеген жерлеріндегі соғыс жағдайын, оны енгізу үшін негіз болған оқиғалар тоқтатылғаннан кейін Қазақстан Республикасының Президенті жояды.

2. Соғыс жағдайы режимін қамтамасыз ету үшін қабылданған және

азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, сондай-ақ ұйымдардың құқықтарын уақытша шектеуге байланысты нормативтік құқықтық актілер тек соғыс жағдайы енгізілген мерзімде ғана қолданылады және заңнамада белгіленген тәртіппен жоюға жатады.

3. Осы Заң қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялауға жатады.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ